- Во-первых, хочу сказать, что я очень счастливый человек. Я понимаю, что когда ты увлечена своей профессией, в частности, наукой, ты что-то недодаешь семье, а сели полностью заниматься семьей, тогда ты не сможешь состояться в профессии. Согласитесь, все эти вещи трудно совместимые. Чтобы хватало времени на все - это очень сложно. Я счастлива от того, что смогла реализовать себя и в профессии, и в семье. Жизнь сложилась удачно, ведь здорово и намного легче, когда есть любимая работа, чудесный супруг, две прекрасные дочки и трое замечательных внуков. Моя старшая дочь хотела посвятить себя семье, и у нее все удачно сложилось. А младшая дочь стремится реализовать себя в профессиональной сфере: всегда хотела стать журналисткой, у неё, к счастью, все получилось. Она продолжает развиваться, как творческий человек, и я искренне желаю ей успехов. Для родителей большое счастье, когда дети реализуют свои мечты. Я не выделяю ни семью, ни работу, люблю все. В профессиональной сфере считаю удачей то, что дважды выигрывала конкурс «Лучший преподаватель», трижды грант в Европе, работаю совместно с коллегами из зарубежных ВУЗов по научным проектам.

Побеседовав с Александрой Алексеевной, я сделала вывод, что жизнь прекрасна. Мы должны дорожить своей жизнью, и ценить быстротечное время.

# Байтұрсынов оқулары – 2017

**Жамал ШАУКЕН, ГӘФ Журналистика мамандығының 2 курс студенті**

Жыл сайын дәстүрлі түрде Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінде «Байтұрсынов оқулары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтеді. Бұл конференцияны өткізу қазақтың ұлы ағартушысы, ғалымы, қоғам қайраткері, ұстаз және әдебиетші А.Байтұрсынов атамыздың атындағы Қостанай мемлекеттік университеті үшін өте маңызды. 2015-2020 жылдарға құрылған ҚМУ университеті стратегиялық жоспарының негізгі міндеті жоғарғы оқу орнының ғылыми және педагогикалық құрамын қажетті деңгейге көтеру, көптілде білім беруге, бәсекеге қабілетті сапалы кадрларды дайындауға, елдің экономикасын дамытудағы ғылымның үлесін көбейту және деңгейін өсіруге бағытталған.

Кезекті конференция «Елдің технологиялық модернизациясы мен жаһандық бәсекелестігін жылдамдатудағы ғылым мен тәжірибенің үлесі» атты тақырып аясында өтті. Маңызды іс-шараға Қостанай облысының әкімдігі, алыс-жақын шетелдерден келген ғалымдар, ТМД және ҚР-ның жоғары оқу орындарының оқытушылары және ғылыми қоғамдастық мүшелері қатысты. Жиын университеттің бас ғимаратындағы акт залында өткен пленарлық мәжілістен бастау алды. ҚМУ-нің ректоры, техника ғылымдарының докторы, профессор Хұсайын Валиев сөз сөйлеп, конференцияға



қатысушыларға сәттілік тіледі. Пленарлық мәжіліс шетелдік ғалымдардың баяндамаларымен жалғасты. Чехиядағы Остров университетінің философия факультетінің оқытушысы, PhD докторы Витезслав Вилимек өз баяндамасында Бейвербалды қарым-қатынас жайында сөз қозғаса, АТОЭК кафедрасының меңгерушісі, Санкт-Петербург ұлттық зерттеу университетінің профессоры Майя Успенская 3.0 университеттердің тәжірибесімен бөлісті. Ал техника ғылымдарының докторы, ООрМАУ агроинженерия институтының профессоры Сәкен Шерьязов энергетиканың дамуы мен болашағы туралы біраз қызықты деректерге тоқтала отырып, электр қуатын өндірудің тиімді және қолайлы тәсілдері мен көздері туралы айтты. Сондай-ақ аталмыш конференцияда сөз алған философия ғылымдарының докторы, профессор, А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ-нің философия кафедрасының меңгерушісі Сафар Қолдыбаев Әлихан Бөкейханның саяси тұлғасын, ұстанымын көпшілікке жеткізуге тырысты.



Конференцияда «Заң ғылымдарының өзекті мәселелері: институционалдық өзгерістер, қауіпсіздік және жемқорлықпен күрес», «Экономикалық өсімнің жаңа үлгісінің инновациялық, кәсіпкерлік дереккөздері», «Мәңгілік Ел идеясы әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарды дамытудың басымдығы ретінде», «Ғылым, білім беру және тәжірибедегі сандық және ақпараттық технологиялар», «Қазақстанның АӨК инновациялық дамуы: тәжірибе, ғылыми ізденістер келешегі», «Техникалық ғылымдар – Қазақстанның үшінші жаңғыруының негізі» атты 6 секция жұмыс жасады. Оның үстіне «ЖОО-ның білім беру процесін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу» атты On-line семинар мен «Тобыл-Торғай өңірінің мәдени мұрасы» және жас ғалымдар кеңесінің қатысуымен «Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық әлеуетін дамытудағы жас ғалымдардың рөлі» тақырыптары бойынша дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Таңертеңнен кешке дейін жалғасқан конференция қорытынды мәжіліспен аяқталды. Онда конференцияда қозғалған мәселелер тұжырымдалды, тың ұсыныстар талқыланды.

# Бас бәйге – ректор кубогы

**Гүлдана ӘБДІБАЕВА, ГӘФ Журналистика мамандығының 3 курс студенті**




ҚМУ-нің «Жайдарман» көңілді тапқырлар командалары финалдық сайыста ректордың кубыгына таласты. «KGU MEN» (АБФ), «Ізбасар» (АТФ), «Ветфак құрамасы», «Жатақхана жұлдыздары» және «Әдемі» (ГСФ) командалары бұл жолы да жақсы ойын көрсетті. Олар сахнада өздерін таныстырды және үй тапсырмасын көрсетті. Жайдармандықтар ән мен би билеп қана қоймай, көрерменді өміршең әзілдерімен тәнті етті.

Бүгінде «Жайдарман» ойындары жастардың сүйікті әзіл алаңына айналған. Бұл жерде жастар әлеуметтік маңызы бар мәселелерді көтереді. Өздері сияқты студенттерге ой салуға тырысады. Жайдарман ойыны жастардың шығармашылық дамуына, сахна мәдениетіне, ой жүйріктігін арттыруға септігін тигізеді.

**«Жайдарман» қауымдастығының төрағасы Айдар Ақбидаев:** «Университетімізде «Жайдарман» қауымдастығы 2016 жылдың сәуір айында құрылды. Жастарды жинап, «Жайдарманның» қалыптасуына, осындай дәрежеге жетуіне үлес қосқан Жастар бастамаларын дамыту орталығының мамандарына алғысымыз шексіз», - деді.

Ал биылғы жылдың ойын қорытындысы мынадай:

**1-орын – «KGU MEN»;**
**2-орын – «Ізбасар»**
**3-орын – «Әдемі»**

Сонымен қатар **Ақпараттық-технологиялар факультетінің 3-курс студенті Олжас Рауыл «Үздік ойыншы» атанса, ал «Үздік капитан» номинациясы Гуманитарлық-әлеуметтік факультетінің 1-курс студенті Жанат Қапезовка бұйырды.**

# КЕЛЕЛІ КЕЗДЕСУ

**Сералы МЫРЗАБАЙ, ГӘФ Журналистика мамандығының 3 курс студенті**



А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті студенттерінің Қостанай облысы әкімдігінің жастар мәселесі бойынша басқарма басшысы Кенеш Әлімжановпен, Қостанай облысы әкімдігінің Діни істер жөніндегі басқармасының бас маманы Нұрсұлтан Әбішевпен және Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қостанай облысы бойынша департаментінің, этникааралық және конфессияаралық келісім мәселелерін зерттеу орталығының мамандарымен кездесуі өтті.

«Кездесудің басты мақсаты - Қазақстан-2020 тұжырмдамасы бойынша сіздерге ақпарат беру, екіншіден Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы аясында пікір алмасу. Ал сіздер, студенттер, ақпаратты мейлінше дұрыс қолданып, тәрбиелік, тағылымдық мәні бар тұстарын өз факультеттеріңіздің жастарына жеткізсеңіздер екен»,- деді алғаш болып сөз кезегін алған ҚМУ Жастар бастамалары орталығының меңгерушісі Болат Қалиев.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» деп аталатын Елбасы мақаласын назарға ала отырып, жиылғандар өздерінің ойларын ортаға салды, пікірлерін білдірді. «Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол — әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу». Осынау ұлт көшбасшысының айтқан сөзін жетелі жастарға жеткізуге жұмыла кіріскен облыстық басқарма өкілдері болашағы жарқын, бағдары айқын дәл біздің елімізге расымен де жігерлі, жалынды, білімді жастардың керек екенін, бозбала мен бойжеткендерді мемлекет әрқашан қолдайтынын айтты. Кездесу барысында бүгінгі таңдағы жастардың көп бөлігінің түзу жолдан ауытқып бара жатқандығы шымбайға бататындығы да сөз болды.

Өз-өзіне қол жұмсау, нашақорлық пен ішкілікке бой алдыру, жас отбасылардың ажырасып кетуі деген жағдайлар белең алғаны ақиқат. Бұл пәледен құтылудың жолдары қандай? Осы және өзге де сұрақтардың жауабын бірігіп іздеп көрді. Студенттер де осындай күрделі мәселеге қатысты өз ойларын білдірді. Кенеш Әлімжанов жастар тәрбиесі жөнінде бірталай тағылымды дүниелер айтты, өмірлік тәжірбиесімен бөлісті. Кездесуге келген қонақтар тарапынан оқу орыны студенттеріне ақиқат жолында, тәрбие тұрғысында, адамгершілік алдында адал болыңдар деген тілектер айтылды.

# Мы начинаем КВН...



**Гульнур КАБДЫБЕКОВА, студентка 2 курса ГСФ специальность « журналистика»**

В стенах главного корпуса КГУ имени А. Байтурсынова апреля прошел долгожданный финал лиги КВН на кубок ректора.

С самого начала стало понятно, что зрелище будет интересным. За победу боролись лучшие команды: «Сборная Ветеринарного Факультета», «КГУ МЭН» (АБФ), «ОК ГУГЛ» (ФИТ), «Аксиома» (ИТФ), «Chicago Bulls» (межфак) и «Финансовые монстры» (ЭФ).

Все соревнования проходили практически по традиционной схеме: визитка команд и музыкальное домашнее задание.

Уже с первого конкурса - приветствия, команды покоряли зрителей, ведущих и даже жюри. Яркие, самобытные, великолепные актерские данные, быстрая реакция, иными словами, каждый казался самым веселым и находчивым. Компетентному жюри в составе которого капитан команды КВН «Стиль на», член сборной команды «В бой идут одни старики», член команды КВН «Сосновый бор» Арман Жолданов, выпускник нашего университета, директор Спорт-бара "#Удрузей", директор фитнес-клуба «Драйв», директор рекламного агентства «Ренис» Ислам Есназаров, выпускник КГУ, неоднократный победитель Кубка ректора, участник юмористического молодежного проекта на телеканале «Хабар» в составе команды КВН «HOLLYWOOD» Достан Куантаев, а также представители центра развития молодежных инициатив и профсоюза университета, предстояло выбрать самых достойных на главный приз года – Кубор ректора, одним словом, лучшую команду года.

Нужно отметить, что все команды выступили достойно, поэтому определить сильнейших было достаточно сложно. Помимо этого, нужно было выбрать лучших игроков на номинации «Лучшая актриса» и «Лучший актер».

Итак, звание «Лучшая актриса» получила Дарина Калимжанова - студентка 1 курса экономического факультета команды КВН «Финансовые монстры», а «Лучшим актером» стал Бекжан Есетов, представитель команды КВН «КГУ МЭН».

Как в любой игре есть свой победитель, и результаты сложились таким образом:

3-е место за командой «ОК Гугл» (ФИТ), 2-е - досталось «Финансовым монстрам» (ЭФ). По результатам всех конкурсов обладателем Кубка ректора 2017 года стала команда «Chicago Bulls», которые показали отличную игру. В составе этой команды студенты разных факультетов: Асхат Айткужанов, Алтын Алиева и Айдар Акбидай (ФВиТЖ), Серик Кульпеисов и Лаура Абдуллина (ЭФ), Аслан Манатов и Гульнур Кабдыбекова ( ГСФ), Гретта Нургалиева (ФИТ). Стоить отметить, что в команде есть ребята выпускных курсов, и для них это был первый ректорский кубок. Выступление команд прошло на высшем уровне, и каждый зритель нашел своего фаворита.

Поздравляем всех участников лиги КВН КГУ и желаем им творческих побед.

# Ночь в библиотеке

**Екатерина КИЗЯЕВА, студентка 2 курса ГСФ специальность «журналистика»**

В последнее время среди молодежи появилась новая мода. Мода на чтение книг. И дабы не отставать от современного поколения, в КГУ им.А.Байтурсынова на базе центра знаний "Білім орталығы" была проведена акция "Библионочь-2017". Мероприятие приурочено к Всемирному дню книги и авторского права.

Библионочь —это социально-культурная акция, посвящённая чтению. Цель мероприятия — развитие библиотечного, музейного и книжного дела, популяризация чтения, организация новых форматов культурного отдыха студентов.

Впервые акция такого рода акция прошла в 2012 году в России при поддержке библиотечного сообщества и Ассоциации менеджеров культуры (АМК). Через два года мероприятие поддержали более 2000 площадок далеко за ее пределами. Изначально акцию инициировали не власти, а пользователи Facebook, интересующиеся литературой и издательским делом. Книголюбы придумали «Библионочь» в июне 2011 года, и тогда им позволили провести мероприятие в библиотеке Тургенева во время фестиваля «Ночь музеев». Событие прошло без происшествий, и департамент культуры поддержал идею активистов. Казахстан сразу же подхватил эту инициативу, и начиная с 2012 года они являются традиционно ежегодными и проводятся во всех городах. .

Неожиданностью для всех зрителей стал массовый флешмоб студентов военной кафедры. Именно с этой позитивной ноты и началась долгожданная библионочь. В этот день библиотека стала настоящей площадкой для творчества и воплощением самых смелых и креативных идей. Даже те, кто проходили мимо, услышав звуки веселья присоединялись ко всем остальным ребятам.

Для всех гостей организаторы подготовили оригинальную культурную программу, которая длилась на протяжении 5 часов, в которую вошли: флеш-моб, экскурсионное бюро, театрализованное представление «Шаңырақ», выставка фото «Пойманные за чтением», викторина «За страницами вашего учебника», «Чарующие звуки домбры и гитары» – конкурс на лучшее исполнение песни под аккомпанемент, «Фотосалон», «Дерево отзывов» - где каждый мог оставить свое пожелание или поздравление на будущее, «Библиоквест»- излюбленная игра-поиск студентов, «Салон магии», конкурс «Показ дизайнерской одежды из подручного материала», «Мастерская современного танца» – конкурс на лучшее исполнение, «Поэтический марафон»- исполнение авторских или иных произведений, игры «Мафия» и «Крокодил».

Помимо двух этажей также был задействован подвал, в котором был создан так называемый "Салон магии". Данную идею организаторов поддержал центр народной медицины "Жан саны", откуда специально были приглашены гадалки и целительницы.

- Больше всего мне запомнился салон магии, когда я спустилась в подвал, думала, что это обычное детское гадание и мне расскажут о всем известных вещах, например: выйдешь замуж, сдашь сессию. Я была просто потрясена тем, что сказала мне гадалка. Этих вещей не знал никто, - сообщает Жулдыз Итесова - студентка факультета ИТФ.

- Сегодня было понастоящему интересное мероприятие, но мне запомнился больше всего конкурс на лучшее исполнение современного танца, ведь я сегодня пришел сюда именно за этим. И хочу заметить, что все ребята очень хорошо подготовились, лучшего будет выбрать нелегко, - поделился с нами студент ФИТ Максим Беспалов .

- Подобную акцию мы проводим впервые. К мероприятию готовились очень тщательно и с большой ответственностью. Активное участие студентов



очень радует. Мы стараемся привлекать нашу молодежь не только книгами, но и разнообразной программой, которая подарит незабываемые эмоции нашим студентам. Для всех ребят предусмотрены призы, – отметила Жамиля Ержанова – директор «Білім орталығы».

Завершилась акция праздничной студенческой дискотекой, которой порой так не хватает.

# Дебатеры – за толерантность!

**Азамат КАМЗА, студент 2 курса ГСФ специальность «журналистика»**

В начале апреля в стенах Костанайского государственного университета имени Ахмета Байтурсынова прошёл областной дебатный турнир, посвящённый очень важной теме - толерантности как основе современного государства. Турнир проходил в американском парламентском формате в двух языковых лигах. Наш университет не в первый раз проводит подобное мероприятие, так как внутри учебного заведения активно развивается дебатный клуб "Ахмет Урпактары". Ребята всегда радушно принимают гостей из других клубов и обеспечивают гарантию качественной игры. Так и вышло на минувшем турнире. Игры были посвящены непосредственно толерантности, поэтому и все резолюции носили религиозную тематику. Участники из КГУ и КГПИ показали высокий уровень просвещенности, толерантности и дебатной игры. Нельзя оставить без внимания зрелищную игру финала "Линкольн-Дуглас", где обсуждалось право родителей на посвящение детей в ту или иную религию. В этом формате победил Олжас Сулемейнов, участник клуба "Ахмет Урпактары", он не только блеснул огромным словарным запасом, прекрасным ораторским мастерством, но и отстоял свою позицию, приведя железные аргументы. Удивительно, но в играх АПФ победу тоже одержал Олжас со своим напарником Аянбергеном Сайлыбаевым. Ребята на протяжении всего турнира уверенно шли к своей цели и блестяще достигли её.

Организаторами турнира стал КГУ им. Ахмета Байтурсынова совместно с центром религиозных исследований. Подобные мероприятия направлены на развитие активной гражданской позиции, толерантности и просвещении среди студентов и школьников города Костаная.

# Небо кочевника

**Александра ВИЛЬДАНОВА, студентка 2 курса ГСФ специальность «журналистика»**

В апреле студенты нашего вуза побывали в стенах Назарбаев университета на традиционном Гранд-турнире дебатного клуба «Номад», одного из самых больших и активных дебатных клубов Казахстана! «Небо кочевника» - самый крупный казахстанский турнир на русском языке. Именно он и позволил объединить на одной площадке дебатеров со всех уголков страны и ближнего зарубежья. В турнире участвовали 138 спикера из 69 команд. Гостями столицы были студенты из Кыргызстана и России.

Турнир проходил в два дня. Организаторы предоставили все условия для плодотворных игр. Делегацию от нашего вуза представляли студенты первого и второго курсов дебатного клуба «Ахмет Ұрпақтары», а некоторые ребята попали в топ 25 спикеров турнира. К сожалению, наши студенты не смогли забрать заветный кубок, но зато приобрели огромный опыт.

# Жолдауға - қолдау

**Гүлдана ӘБДІБАЕВА, ГӘФ Журналистика мамандығының 3 курс студенті**



Елбасының «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты халыққа Жолдауына қатысты ҚМУ-нің студенттері мен оқытушылары өз пікірлерін білдірді. Жолдауды талқылау, оның саяси маңыздылығын студенттерге жеткізу экономика ғылымдарының докторы, профессор Сансызбай Жиентаев пен философия ғылымдарының кандидаты Денис Качеевке бұйырыпты.



Елбасының халыққа Жолдауында ел экономикасын өркендетіп қана қоймай, білімді дамыту, руханиятымызды жаңғырту, қауіпсіздік шараларын күшейту, діни экстремизмнің алдын алу мәселелері айтылған. Сондай-ақ мемлекет басшысы өскелең ұрпақты өз бетімен ізденуге үндеп, осы бағытта оқыту бағдарламаларын жетілдіруді тапсырған. IT-білімді, қаржылық сауаттылықты, ұлтжандылықты дамытуға баса көңіл бөлу қажеттігін де ескеріпті. Әрине, жас ұрпаққа саналы тәрбие мен сапалы білім беру мәселесі бүгінде бәрімізді толғандыратыны анық. Елімізде бұл мәселе бір жолға қойылды деуге болады. Жастардың ашық аспан астында өсіп-өркендеуіне барынша жағдай жасалған. ҚМУ студенттері оларға берілген мүмкіндікті пайдалануға тырысатындықтарын және Жолдауда көрсетілген игі мақсаттарды құптайтындықтарын айтты.

«Әр жыл сайын Елбасы жолдауын күтеміз. Биылғы халыққа үндеуін де теледидардан, баспасөз беттерінен көрдік. Бұл – ел өміріндегі ерекше бір белес. Өйткені, ол – барша қазақстандықтардың өміріне, болашағына қатысты маңызы зор

# Қайталанбас ғажап сәт

**Толғанай ЕРБОЛАТ, Аграрлық-биологиялық факультетінің 1 курс студенті**



Өмірдің ең қызық шағы – студенттік өмір.., бірінші курс, «балмұздақ» атанып, жаңа оқу орнын қызықтап, жан-жаққа жалтақтап жүретін уақыт. Дүниенің бәрі таңсық, бір түрлі бөлектеу көрінеді. Екінші курста университет қабырғасына бойы үйреніп, сессияны беске тапсырып, мәз болып жүретін, ал үшінші курс білім алудан ұйқыны артық көретін, мұғаліммен құрбы-құрдасша сөйлесіп, жақсы балды қоржынға салатын, төртінші курс диплом, практика деген екі сөзді қайталай беретін ұмытылмас бір кезең. Төрт жыл төрт секундтай өткенін еске түсіріп, сағынышпен үлкен өмірге аяқ басатын баспалдақ та осы.

Қызығы мен шыжығы қоса жүретін бұл уақытта талай жастар болашақ өмірін айқындап, өмірлік серігін, достарын табады. Күніге көше кезіп, түні бойы сауық құратындары да бар. Бірақ болашағымның бірден-бір жасаушысы өзім деп, бір минутын босқа жібермейтін жастардың қатары біршама. Енді біреулері үшін студенттік шақ – бойындағы дарынын ашатын, ұштайтын және тәжірибе жинайтын уақыт.

Ата-анасының қанатының астынан шығып, оқуға басқа қалаға келген студенттерге, бұрын-соңды үйінен шықпаған бойжеткендер мен бозбалаларға жатақханадағы өмір жұмақтай көрінеді. Бірақ «бостандық» бәріне бірдей жаға бермейді. Адасудың аз-ақ алдында тұрғандары да аз емес. Дегенмен, жауапты студенттер өте көп.

Университет – әр түрлі тағдырлардың тоғысқан орны. Сондықтан да студенттік өмірдің қызығы мол. Менің де студенттік өмірімнің 6 айы 6 минуттай зымырап өте шықты. Бұл жыл қызықты, әрі думанды басталды. Жаңа таныстар көбейді. Бүгінгі күннің «басты мәселелерінің» бірі – таныстарымның, оқытушылардың есімдерін еске сақтау. Сондай-ақ аялдамалардың аттарын жаттау және қала ішінде адасып кетпеу – «перваштардың» өзекті проблеммасы.

Бір байқағаным, бірінші курстың студенттері – жауапты жастар. Біз бірінші жылы белсенді болуға, өзімізді жақсы қырымыздан көрсетуге тырысамыз. Лекциядан қалмай сабаққа баруды дағдыға айналдырдық. Ұстаздарымыздың айтқанын екі етпейміз.

Жалпы мен білім алып жатқан оқу ордасы, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті маған өте ұнады. Мұнда керемет достар таптым. Көптеген қызықты оқиғалар басымнан өтті. Алғашқы сессиямды жақсы тапсырып, енді ғана үйрене бастадым. Дегенмен, студент атанғаныма дән ризамын! Болашаққа сеніммен қараймын!

# Латын әліпбиіне көшу керек пе?



**Кәмшат КОЙШЫБЕК, ГӘФ Журналистика мамандығының 2 курс студенті**

Елбасы «Егемен Қазақстан» газетінде шыққан «Болашаққа бағдар – ұлттық жаңғыру» атты мақаласында латын әліпбиіне көшуді бастаудың нақты уақыты туралы айтты. «2025 жылға қарай іс қағаздарын, мерзімді баспасөзді, оқулықтарды, бәрін де латын әліпбиімен басып шығара бастауға тиіспіз. Ол кезең де таяп қалды, сондықтан біз уақыт ұттырмай, бұл жұмысты осы бастан қолға алуымыз керек. Біз осынау ауқымды жұмысты бастауға қажетті дайындық жұмыстарына қазірден кірісеміз. Үкімет қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің нақты кестесін жасауы керек»-деді ол. Елбасы латын әліпбиіне көшудің маңыздылығына тоқталды.

«Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, XXI ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты. Мектеп қабырғасында балаларымыз ағылшын тілін оқып, латын әріптерін онсыз да үйреніп жатыр. Сондықтан, жас буын үшін ешқандай қиындық, кедергілер болмақ емес»-деді Президент.

Н.Ә.Назарбаев 2017 жылдың аяғына дейін ғалымдардың көмегімен, барша қоғам өкілдерімен ақылдаса отырып, қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасын қабылдау керектігін айтты. «2018 жылдан бастап жаңа әліпбиді үйрететін мамандарды және орта мектептерге арналған оқулықтарды дайындауға кірісуіміз қажет.

Алдағы екі жылда ұйымдастыру және әдістемелік жұмыстар жүргізілуге тиіс»,-деді Елбасы. Сонымен қатар, жаңа әліпбиге бейімделу кезеңінде белгілі бір уақыт кириллица алфавиті де қолданыла тұратынын айтты.

Латын әліпбиін таңдау саналы түрде, еркін жүргізілуде, дегенмен бұл өзгеріске қатысты қазақстандықтардың пікірі екі жақты.

**Ақылбек Шаяхмет, филология ғылымдарының кандидаты, профессор, жазушы:**

*- Латын әліпбиіне көшу – ғалымдардың арасында бұрыннан талқыланып келе жатқан мәселе. Елбасымыз 2025-жылдан бастап латын әліпбиіне көшудің дайындығын бастауымыз керек деген болатын. Әрине ,бұл түбінде жүзеге асатын мәселе. Бірақ өз басым латиницаға көшу әлі ерте деп есептеймін. Себебі мыңдаған оқулықтарды, бұқаралық ақпарат құралдарын латын әліпбиіне көшіру керек, ал бұл өз кезегінде қаншама қаржыны керек қылады. Сондықтан ең алдымен қазақтың әл-аухатын жақсартып алуымыз керек. Содан кейін ғана осы мәселеге оралуға болады.*

**Әсия Беркенова, Қазақстанның халық ақыны, «Өнер студиясының» меңгерушісі:**

*- Латын әліпбиін әлемнің көптеген мемлекеттері қолданады. Өйткені бұл – заман талабы. Біздің мемлекетімізге де латиницаға көшу керек деп ойлаймын. Сонда ғана еліміз әлемнің басқа елдерімен өзара тиімді қатынастар орнатып, озық техникалық үдеріске тез қосылатыны анық.*

**Алма Досова, Тіл және әдебиет теориясы кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты:**

*- Мемлекеттік тілімізді латын әліпбиіне көшіру өте тиімді іс деп ойлаймын. Себебі XXI ғасыр – ғылым, техника заманы. Жастар әлемдегі ғылыми жаңалықтарға қол жеткізе алу үшін латиницаға көшу керек.Онымен қоса, латын графикасын үйреніп алу аса қиындық туғыза қояды деп ойламаймын. Әлем қабылдап отырған әліпбидің жаттығы байқала қоймауы керек. Байқап отырсақ, күнделікті өмірімізде де латын әріптері жиі кездеседі. Мысалы, тауарлардың көпшілігінде ақпараттық жазулар латын тілінде жазылған. Компьютерлік техникалардың, құрал-аспаптардың да басым көпшілігі латын тілінде жұмыс істейді. Сондықтан Президентіміздің бұл саясатын қолдаймын.*

**Мұрат Какенов, философия кафедрасының аға оқытушысы:**

*- Латын әліпбине көшу өте дұрыс қадам деп есептеймін. Себебі бұл бір күнде қабылданған шешім емес. Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан бері айтылып келе жатқан мәселе. Бүгінде еліміз көптеген жетістіктерге жеткен жас мемлекеттердің қатарында. Әліпбиді латиницаға көшіру де өз жемісін береді деген ойдамын. Оның үстіне бүгінгі XXI ғасырдың жастарына латын әріптерімен жазу, оқып үйрену қиынға соғады деп ойламаймын.*

**Аида Жиенбаева, ақпараттық технологиялар факультетінің 4-курс студенті:**

*- Латын әліпбиіне көшу – бүгінгі таңдағы еліміздегі өзекті мәселелердің бірі. Елбасымыздың бұл саясатын қолдаушылардың қатарында мен де бармын. Латын әліпбине көшу арқылы еліміз дамыған елдердің қатарына бір қадам жақындай түседі деген сенімдемін. Мемлекетіміздің өркендеуіне де септігін тигізетін шығар.*

**Перизат Оңайбек, журналистика мамандығының 2-курс студенті:**

*- Латын әліпбиіне көшу әлемдік ақпаратқа қол жеткізудің үлкен мүмкіндігі деп білемін. Зер салып қарасақ, техника, электроника, тұрмысқа қажетті дүниелердің бәрінде нұсқаулықтар латын тілінде жазылған. Демек, біз әлемдегі алдыңғы қатарлы елдермен тең дәрежеде болу үшін Президентіміздің бұл саясатын қолдауымыз керек.*

# Победа на международном конкурсе!



Поздравляем студента 4 курса гуманитарно-социального факультета специальности «Журналистика» Таната Карпыкова и его научного руководителя доцента кафедры журналистики и коммуникационного менеджмента Ольгу Григрьевну Кунгурову с победой на престижном международном конкурсе научных работ, прошедшего в Высшей школе журналистики и массовых коммуникаций Санкт-Петербургского государственного университета.

# Наши – призеры!


Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы
"Қостанай дарыны" өңірлік ғылыми-практикалық орталығы

АЛҒЫС ХАТ
Благодарственное письмо

Уважаемый
Поезжалов Владимир Михайлович!

Региональный научно-практический центр «Қостанай дарыны» выражает Вам благодарность за качественную подготовку призера (2 место) Международного научного конкурса «Молодой ученый» (город Дэджон, Южная Корея) и Республиканского конкурса научных проектов по общеобразовательным предметам учащегося 10 класса гимназии имени С. Мауленова Жүндібаева Рустема (3 место).

Являясь тренером учебно-тренировочных сборов для участников республиканской олимпиады по общеобразовательным предметам Вы подготовили пятерых призеров: два вторых и три третьих места.

От всей души желаем Вам новых достижений в профессиональной деятельности, претворения в жизнь намеченных планов, здоровья, счастья и благополучия.

Директор Т. Искандирова

г. Костанай, 2017 г.



Поздравляем Владимира Михайловича Поезжалова - доцента кафедры электроэнергетики и физики инженерно-технического факультета, кандидата физико-математических наук, за качественную подготовку призера (2-е место) Международного научного конкурса «Молодой ученый» г. Дэджон, Южная Корея и Республиканского конкурса научных проектов по учебным проектам учащегося 10 класса гимназии С. Мауленова Рустема Жундібаева Рустема (3 место)

# Конкурс «Французская мозаика»






Поздравляем студентов 2-го курса специальностей «Иностранная филология» и «Переводческое дело» гуманитарно-социального факультета, занявших 1 место в конкурсе «Французская мозаика», который проходил 14 апреля во Французском культурном центре в рамках недели Франкофонии. Руководитель группы – ст. преподаватель кафедры иностранной филологии Эльвира Барысбекковна Медетова. Желаем дальнейших успехов в познании языка и культуры Франции!

# Мы – на 2-м месте!



Поздравляем **Дану Тюлюбаеву** - студентку 3 курса юридического факультета и научного руководителя ст. преподавателя Сауле Мурзабаевну Демежанову, принявших участие и занявших 2-е место в XII Международной научной конференции студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017», проходившей 14 апреля 2017 года в Евразийском национальном университете им. Л.Н. Гумилева среди 56 претендентов разных стран.

Места распределились следующим образом:

1 место - Евразийский национальный университете им. Л.Н. Гумилева;

2 место – КГУ им. А. Байтурсынова юридический факультет;

3 место – Кызылординский государственный университет им.Коркыт Ата;

4 место - Казахский Гуманитарно-Юридический Университет (КАЗГЮУ).



# Победа в Алматы!

Коллектив Факультета Ветеринарии и Технологии Животноводства поздравляет студентку 4 курса по специальности 5В120200-Ветеринарная санитария Олесю Кроус, занявшую 2-е место в IX Республиканской предметной олимпиаде в г.Алматы, а также участников Асель Керимбай и Махабат Абдулину и руководителя м.в.н., преподавателя Санию Бикмановну Тыштыкбаеву.

Жаңа мүмкіндік

# Менің таңдауым - ҚМУ!



**Тұмарым БАБАСАНОВА, ГӘФ Журналистика мамандығының 2 курс студенті**

«Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда». Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті «Менің таңдауым ҚМУ» атты 11-сынып оқушылары арасында сайыс жариялаған болатын. Шарт бойынша әр қатысушы неліктен бұл оқу орнын таңдайтындығы жөнінде дайындаған бейнеролигін көрсетуі тиіс, ал оза шапқандар ректордың грантын алу мүмкіндігіне ие болады.

Ахаң атындағы оқу ордасының студенті атанғысы келетін оқушылар аз болмады. Іріктеу барысында сапалы, қызықты деген 7 ролик қазылар алқасына ұсынылды. Үздік туындыны таңдауға ат салысуға және бейнероликтерді тамашалауға оқу орнының белсенді жастары – «Жоғарғы студенттік кеңес» мүшелері шақырылды. Сайысқа Арқалық, Рудный, Лисаков және Қостанай қалаларынан келген талапты жастар қатысты. Олар сайыс барысында өздерінің артықшылықтарын көрсетіп, неліктен ҚМУ-нің студенті атанғылары келетіндіктерін дәлелдеуге тырысты. Сайыскерлерге комиссия және «Жоғарғы студенттік кеңес» мүшелері тарапынан сұрақтар қойылды, кейбір үміткерлердің жұмысына сын да айтылды. Сайыс соңында қатысушылардың барлығы арнайы дипломмен марапатталды. Жеңімпаздарды комиссия мүшелері кеңесе келе анықтады. Грант алу мүмкіindігіне екі бірдей үміткер Айзада Өміртаева мен Малика Махмұтова ие болды. Үздік атанғандарға ҰБТ нәтижесі бойынша тиісті ұпай алған жағдайда ғана ҚМУ ректорының грантына ие бола алатындықтары ескертілді.

Бір айта кетерлігі, сайысқа тек қала оқушылары ғана қатысты. Ауылдық елді-мекенде тұратын жастар да мұндай іс-шаралардан қалыс қалмаса екен. «Менің таңдауым ҚМУ» сайысы жыл сайын өткізіледі деген үміттеміз. Сондықтан келесі жылы бәйгеге қосылатын оқушылар саны және бейнероликтер сапасы артатынына сенімдімін!



**"БІЛІМ ЖАРЫСЫ"**
МЕНШІК ИЕСІ: А,Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті, Редакцияның мекенжайы: Қостанай қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, 47. Тел, 511167

Шығарушы редактор А.Өстемірова

Нөмірді дайындаған ҚМУ-дың журналистика мамандығының студенттері

Беттеген Айтолқын Қапан
Бас маман Арайлым Сарбасова

Отпечатано в ТОО "Костанай полиграфия". Ул.Мауленова 16 тел 8(7142)28-02-93
Заказ №819 Тираж 700 экз.
Объем 2 печатных листа

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 2002 жылдың 25 наурызында тіркеліп, №2794-г куәлігі берілген